

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 қыркүйектегі N 989 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 12 қыркүйекте Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы  
КЕЛІСІМ <\*>**

*\* 2002 жылғы 1 қазанда күшіне енді.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі ( бұдан әрі Тараптар деп аталатын ),

екі мемлекет арасындағы достық және тату көршілік қатынасты одан әрі дамыту мен нығайту мақсатында ;

екі мемлекеттің трансшекаралық өзендерінің су ресурстарын пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыра отырып ;

халықаралық құқықтың жалпы жұрт қабылдаған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып, тәуелсіздік, егемендік пен аумақтық тұтастық, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік пен өзара тиімділік және бейбіт қатар өмір сүру қағидаттарын өзара құрметтеу негізінде, өзара түсіністік, өзара ымыраға келу мен достық консультациялар рухында ;

екі мемлекет арасындағы трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалану және қорғау саласындағы мәселелерді әділетті әрі ұтымды түрде шеше отырып ; осы Келісімді жасасуды ұйғарды және төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Осы Келісімдегі "трансшекаралық өзендер" түсінігі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы мемлекеттік шекара сызығын кесіп өтетін,

немесе мемлекеттік шекара сызығы бойынша орналасқан барлық өзендер мен арналарды білдіреді.

## **2-бап**

Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғауда Тараптар әділеттік пен ұтымдылық қағидаттарын ұстанатын болады, сондай-ақ шынайылық, тату көршілік пен достық тұрғысынан тығыз ынтымақтасады.

## **3-бап**

Тараптар су тасқыны апаттары мен қолдан істелген авариялардың алдын алу немесе олардың бір Тараптар мемлекетіне нұқсан келтіретін ықтимал елеулі зардаптарын жеңілдету жөнінде алдын ала тиісті шаралар қолданып, күш-жігер жұмсайтын болады.

## **4-бап**

Өзара мүдделерді есепке ала отырып, Тараптардың бірде-бірі екінші Тараптың трансшекаралық өзендері су ресурстарын тиімді пайдалануына және қорғауына шек қоймайды.

## **5-бап**

Тараптар ынтымақтастықты мынадай салаларда жүзеге асыра алады:

- су мөлшері мен сапасын бақылау және өлшеу постыларының орналасу жерлерін келісу және белгілеу;

- бақылаудың, өлшеудің, талдау мен бағалаудың бірыңғай әдістерін зерттеу;

- Тараптар келіскен постылардағы гидрогеологиялық бақылау мен өлшеулердің мәліметтеріне талдау жүргізу және оларды жиынтықтау;

- су тасқындары, мұзданулар және басқа да табиғи апаттар әсерлерінің алдын алу, немесе жеңілдету жөнінде мүмкін болатын бірлескен зерттеулерді жүргізу;

- трансшекаралық өзендер сулылығының және суының сапасының келешектегі өзгеру үрдістерін зерттеу;

- қажет болған жағдайда, трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласында бірлескен зерттеулер жүргізу мен тәжірибе алмасу.

## **6-бап**

Тараптар мәліметтер мен ақпараттар алмасудың уақытын, саны мен мазмұнын келіседі және белгілейді. Тараптардың бірі осы Келісімнің 7-бабына қайшы келмейтін және келісілген алмасудың тақырыбы болып табылмайтын төтенше маңызды гидрогеологиялық ақпаратты беру туралы екінші Тараптан талап еткен жағдайда, соңғысы мүмкіндік болған жағдайда және белгілі бір шарттармен аталған талапты қанағаттандыруы тиіс.

Тараптар жоғарыда аталған алмасатын, немесе берілетін ақпаратқа қатысты құпиялылық сақтауға және оны Тараптар арасында өзгеше Келісім болған жағдайды есептемегенде, үшінші Тарапқа бермеуге міндеттенеді.

## **7-бап**

Осы Келісімнің кез келген ережелері Тараптардың бірінің оның мемлекеттік қорғанысы мен қауіпсіздігіне қатысты төтенше маңызды ақпараттар немесе мәліметтерді екінші Тарапқа беру қандай да болсын түрде негіз қызметін атқара алмайды.

#### **8-бап**

Тараптар оның қызметі және осы Келісімді іске асыру бойынша тиісті мәселелерді шешу туралы Ережені әзірлеу үшін жауапты трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Қытай Бірлескен комиссиясын (бұдан әрі - Бірлескен комиссия деп аталады) құрады.

Бірлескен комиссия әрбір Тарап тағайындайтын бір өкіл мен оның екі орынбасарынан тұрады.

#### **9-бап**

Осы Келісімнің орындалуының мәселелері, сондай-ақ трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғауға байланысты мәселелер талқыланатын Бірлескен комиссияның мәжілісі жылына бір рет, алма-кезек Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында өткізіліп тұрады. Мәжілістер қабылдаушы Тараптың өкілі арқылы шақырылады және оның төрелік етуімен өткізіледі. Тараптардың өкілдері сарапшылардың жәрдеміне жүгінуі және оларды Бірлескен комиссияның мәжілісіне тартуы мүмкін.

Қажет болған жағдайда, Тараптардың бірі Бірлескен комиссияның кезектен тыс мәжілісін өткізуді ұсынуы мүмкін.

Әрбір мәжілістің қорытындысы бойынша әрқайсысы орыс және қытай тілдерінде екі данада Хаттама жасалады.

#### **10-бап**

Бірлескен комиссия мәжілісін өткізуге жауапты Тарап тұрғын жай мен көлік құралдарын ұсынады. Тараптардың әрқайсысы тамақтану мен тұру жөніндегі шығыстарды жеке өздері көтереді. Мәжілістерді өткізуге қатысы жоқ өзге де шығыстар Тараптар арасындағы келісім жолымен шешіледі.

#### **11-бап**

Осы Келісім өздері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

#### **12-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде және қолдануда қандай да бір келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар арқылы шешетін болады.

#### **13-бап**

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке Хаттамалармен ресімделеді.

#### **14-бап**

Осы Келісім 8 жыл мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Егер Тараптардың бірі осы Келісімнің қолданыс мерзімі аяқталардан 6 ай бұрын оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша нысанда хабарламаса, онда осы Келісім келесі төрт жылға өздігінен ұзартылады және оның күшін тоқтату дәйектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

Астана қаласында 2001 жылғы 12 қыркүйекте әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс және қытай тілдеріндегі мәтіндерді басшылыққа алатын болады.

|                                  |                                    |
|----------------------------------|------------------------------------|
| <i>Қазақстан Республикасының</i> | <i>Қытай Халық Республикасының</i> |
| <i>Үкіметі үшін</i>              | <i>Үкіметі үшін</i>                |